

Сайлау қорларын мемлекеттік тіркеу мәселелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 1999 жылғы 9 шілдедегі N 57 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1999 жылғы 13 шілдеде тіркелді. Тіркеу N 833. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2010 жылғы 2 сәуірдегі N 95 Бұйрығымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2010.04.02 N 95 Бұйрығымен.

Ескерту: 4-тармақтан басқа, бұйрықтың барлық мәтіндері бойынша " Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің" деген сөздер "Парламент пен мәслихаттың" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Әділет министрінің 2005 жылғы 11 ақпандағы N 40 бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық заңын жүзеге асыру мақсатында
Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қоса беріліп отырған:
 - 1) Сайлау қорларын мемлекеттік тіркеу қағидасы;
 - 2) Сайлау қорлары тізілімінің нысаны;
 - 3) Парламент пен мәслихаттың депутаттығына кандидаттың сайлау қорын мемлекеттік тіркеуге берілетін арыз нысаны;
 - 4) Парламент пен мәслихаттың депутаттығына кандидаттың сайлау қорын мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің нысаны;
 - 5) саяси партияның (сайлау блогы) сайлау қорын мемлекеттік тіркеуге берілетін арыз нысаны;
 - 6) саяси партияның (сайлау блогы) сайлау қорын мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің нысаны бекітілсін.

2. Әділет министрлігінің облыстардағы, Астана мен Алматы қалаларындағы Әділет департаменттеріне Парламент депутаттығына кандидаттардың сайлау қорларын және саяси партиялардың сайлау қорларын (сайлау блоктарын) мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыру тапсырылсын. Әділет министрлігінің аумақтық органдары мәслихатқа депутаттыққа кандидаттардың сайлау қорларын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырады.

Ескерту: 2-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Әділет министрінің 2005 жылғы 11 ақпандағы N 40 бұйрығымен.

3. Аумақтық әділет органы 1999 жылдың 25 шілдесіне дейін Сайлау

қорларының тізілімін, сайлау қорын мемлекеттік тіркеу туралы куәлік бланкілерін және тіркеуге берілетін арыздарын қажетті мөлшерде тағайындауға тапсырыс берсін және әзірлесін.

Ескерту: 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2005 жылғы 11 ақпандағы N 40 бұйрығымен.

4. Қазақстан Республикасы Әділет министрімен 1995 жылғы 19 қазанда бекітілген "Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттығына кандидаттың сайлау қорын мемлекеттік тіркеу тәртібі туралы" Ереженің күші жоюлыды деп танылсын.

5. Осы Бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Әділет вице-Министріне жүктелсін.

Ескерту: 5-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2005 жылғы 11 ақпандағы N 40 бұйрығымен.

6. Осы Бұйрық тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

Ескерту: 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2005 жылғы 11 ақпандағы N 40 бұйрығымен.

Министр

Қазақстан Республикасы
Әділет Министрінің
1999 жылғы 9 шілдедегі
N 57 бұйрығымен бекітілген

Сайлау қорларын мемлекеттік тіркеу қағидасы

1. Жалпы ережелер

Ескерту: Қағиданың барлық мәтіндері бойынша: "Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің" деген сөздер "Парламент пен мәслихаттың" деген сөздермен тиісті септікте және сандарда ауыстырылды;

Қағиданың барлық мәтіндері бойынша "саясы партияларының", "саясы партияның" деген сөздерден кейін "(сайлау блоктарының)" сөздермен толықтырылды;

Қағиданың барлық мәтіндері бойынша абзацтарды белгілеген дефистер алынып тасталды - ҚР Әділет министрінің 2005 жылғы 11 ақпандағы N 40 бұйрығымен.

1. Осы Қағида Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық заңы негізінде жасалып, аумақтық әділет органдарының (бұдан әрі - тіркеу органдары)

Парламент пен мәслихаттың депутаттығына кандидаттардың және саяси партиялардың (сайлау блоктарының) сайлау қорларын мемлекеттік тіркеу жөніндегі қызметін реттейді.

Ескерту: 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2005 жылғы 11 ақпандағы N 40 бұйрығымен.

2. Сайлау қоры Парламент пен мәслихаттың депутаттығына кандидаттың және саяси партиялардың (сайлау блоктарының) тізімінің сайлау алдындағы үгіт-насихатын қаржыландыруды қамтамасыз ету мақсатында құрылады, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Конституциялық заңымен қарастырылған тәртіп бойынша қалыптасады және қолданылады.

3. Сайлау қоры жеке тұлғаның немесе саяси партияның (сайлау блоктарының) қоры ретінде, осы Қағидамен белгіленген тәртіп бойынша оның заңды тұлға мәртебесін иеленуінсіз мемлекеттік тіркеуге жатады. Қорлардың мемлекеттік тіркеуі олардың құрылу және қызметін тоқтату фактісін растау мақсатында жүргізіледі.

4. Тіркеу органдары құрылған және таратылған сайлау қорлары жөнінде мәліметтер енгізілетін Сайлау қорларының тізілімін жүргізеді.

5. Сайлау қорларын мемлекеттік тіркеу үшін алым алынбайды. Қорларды тіркеуге байланысты тіркеу органдарының шығыны республикалық бюджет қаражатынан өтеледі.

2. Сайлау қорларын мемлекеттік тіркеу тәртібі

6. Сайлау қорын мемлекеттік тіркеу Парламент пен мәслихаттың депутаттығына кандидаттың немесе саяси партияның (сайлау блоктарының) тіркеу органына өтініш берген кезінен бастап бір жұмыс күні ішінде жүргізіледі. Тіркеу үшін құжаттарды қабылдау уақыты кіріс хаттар журналында көрсетіледі.

7. Сайлау қорын тіркеу үшін Парламент пен мәслихаттың депутаттығына кандидат тіркеу органына: белгіленген үлгідегі арызды, тиісті сайлау комиссиясымен берілген Парламент пен мәслихаттың депутаттыққа кандидатты тіркеу туралы куәлік көшірмесін ұсынады, ал саяси партиялардың (сайлау блоктарының) сайлау қорын тіркеу үшін белгіленген үлгідегі арыз, тиісті сайлау комиссиясының саяси партиялардың (сайлау блоктарының) тізімін тіркегені туралы қаулысының көшірмесі ұсынылады.

Тіркеу органының қызметкеріне ұсынылған куәлік (қаулы) көшірмесінің түпнұсқаға сай келуін тексеру міндеті жүктеледі.

8. Тіркеуші орган ұсынылған құжаттар негізінде мынадай әрекеттер жүргізеді:

Сайлау қорларының тізіліміне сайлау қорлары туралы мәліметтер енгізеді; тіркеу нөмірі көрсетілген белгіленген үлгідегі Парламент пен мәслихаттың депутаттығына кандидаттың сайлау қорын мемлекеттік тіркеу туралы куәлігін (жеке тұлғаларға) немесе тіркеу нөмірі көрсетілген белгіленген үлгідегі саяси партияның (сайлау блоктарының) сайлау қорын мемлекеттік тіркеу туралы куәлік береді (тіркеу нөмірі сайлау қорлары тізіліміндегі жазудың реттік нөмірінен тұрады);

банк мекемелерінде қордың арнайы уақытша шотын ашу үшін сайлау қорына тіркеу жүргізгені туралы тиісті сайлау комиссиясына хабар береді.

Тіркеуге ұсынылған құжаттар тіркеуші органында сақталады.

3. Сайлау қорларының қызметін тоқтату тәртібі

9. Сайлау қоры өз қызметін:

Қазақстан Республикасы "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Конституциялық заңына сәйкес Парламент пен мәслихаттың депутаттығына кандидатты немесе саяси партияның (сайлау блоктарының) тізімін тіркеу туралы шешімі жойылған жағдайда;

сайлау қорының жасауға байланысты сайлау қорының қаражатын жұмсау жөнінде Парламент пен мәслихаттың депутаттығына кандидаттың және саяси партияның (сайлау блоктарының) есебін қабылдау туралы тиісті сайлау комиссиясының шешімі бойынша;

тиісті сайлау комиссиясы сайлауды жарамсыз деп таныған жағдайда; сот шешімі бойынша тоқтатады.

10. Сайлау қоры қызметінің тоқтатылуын тіркеу тиісті сайлау комиссиясының немесе соттың шешімі негізінде жүзеге асырылады.

Тіркеу органы сайлау қоры қызметін тоқтатқаны жөнінде Сайлау қорларының тізіліміне тиісті жазбалар енгізеді.

11. Парламент пен мәслихаттың депутаттығына кандидатты және саяси партияларды (сайлау блоктарының) тіркеуден бас тартқаны жөніндегі тиісті сайлау комиссиясының шешіміне сот тәртібі бойынша немесе жоғарғы сайлау комиссиясына шағымданған жағдайда, сайлау қоры қызметін тіркеуді тоқтату жөніндегі тіркеу органының әрекеті түпкілікті шешім шыққанға дейін тоқтатылады.

Қазақстан Республикасы
Әділет Министрінің
1999 жылғы 9 шілдедегі

№ 57 бұйрығымен бекітілген

Ескерту: Нысанға өзгертулер енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2005 жылғы 11 ақпандағы N 40 бұйрығымен.

Сайлау қорларының тізілімі

Тізілімнің реттік нөмірі Жазудың енгізілген күні	Сайлау қоры қызметінің тоқтатылуы және тіркелуі туралы жазба	Сайлау қорының атауы (тиесі-лігі)	Кандидатты саяси партияның тіркеуді растайтын құжаттың мірі мерзімін тіркеген тиісті лау сиясы	партия тізімін, нөмен сай-комис-сиясы	Кандидат-тың мекен - жайы немесе саяси партияның тұрған жері	Жазба енгізген маманның аты-жөні	Ескерту
1	2	3	4	5	6	7	

Қазақстан Республикасы
Әділет Министрінің
1999 жылғы 9 шілдедегі
N 57 бұйрығымен бекітілген

сайлау қорын тіркеуді жүзеге

асыратын органның атауы

Арыз

Ескерту: Нысанға өзгертулер енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2005 жылғы 11 ақпандағы N 40 бұйрығымен.

Парламент пен мәслихаттың

депутаттығына кандидаттың туған жылы, аты-жөні

сайлау қорының атауы _____

тіркеуге ұсынады.

Депутаттыққа кандидат _____

тіркелген.

Кандидаттың мекен-жайы _____

(қ о л ы)

(мерзімі)

Қазақстан Республикасы
Әділет Министрінің
1999 жылғы 9 шілдедегі
N 57 бұйрығымен бекітілген

Қазақстан Республикасы
Әділет Министрлігінің

_____ Әділет Басқармасы

**Парламент пен мәслихаттың
депутаттығына кандидатының сайлау қорын
мемлекеттік тіркеу туралы**

Куәлік

**Ескерту: Нысанға өзгертулер енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2005 жылғы 11
ақпандағы N 40 бұйрығымен.**

_____ қаласы N _____
Сайлау қорының атауы: _____
20 ____ жылғы _____

Кандидаттың аты-жөні _____

Кандидаттың мекен-жайы: _____

Куәліктің кандидатты тіркеу туралы шешімді
жойғанға дейін немесе сайлау шаралары
аяқталғанға дейін күші бар

басшының аты-жөні

қолы

М.О.

Қазақстан Республикасы
Әділет Министрінің
1999 жылғы 9 шілдедегі
N 57 бұйрығымен бекітілген

сайлау қорын тіркеуді жүзеге

асыратын органның атауы

Арыз

Ескерту: Нысанға өзгертулер енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2005 жылғы 11 ақпандағы N 40 бұйрығымен.

саяси партияның (сайлау блоктарының) атауы

сайлау қорының атауы

тіркеуге ұсынады.

Саяси партияның (сайлау блоктарының) тізімі тіркелген.

қайда және қашан

Саяси партияның (сайлау блоктарының) мекен-жайы

(қ о л ы)

(мерзімі)

Қазақстан Республикасы
Әділет Министрінің
1999 жылғы 9 шілдедегі

N 57 бұйрығымен бекітілген

Қазақстан Республикасы
Әділет Министрлігінің

Әділет Басқармасы

**Саяси партияның (сайлау блоктарының)
сайлау қорын мемлекеттік тіркеу туралы**

Куәлік

Ескерту: Нысанға өзгертулер енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2005 жылғы 11 ақпандағы N 40 бұйрығымен.

N _____

20 ____ жылғы _____

_____ қаласы
Сайлау қорының атауы: _____

Саяси партияның (сайлау блоктарының) атауы _____

Саяси партияның (сайлау блоктарының) мекен-жайы: _____

Куәліктің саяси партияны (сайлау блоктарының) тіркеу туралы шешімді жойғанға дейін немесе сайлау шаралары аяқталғанға дейін күші бар

басшының аты-жөні

қолы

М.О.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК